***«Ақтөбе облысының білім басқармасы Мұғалжар ауданының білім бөлімі»мемлекеттік мекемесінің «Қарлығаш»бөбекжай-бақшасы»мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны***

«Бекітемін»
«Карлыгаш»бөбекжай-
бақшасының меңгерушісі
_______ К.С.Медеуова
«28» 02 2023жыл

# ***№ 3 «Балбөбек» санаторлық ерте жас тобының 2022-2023оқу жылына арналған перспективалық жоспары***

**Білім беру ұйымы: «Балбқбек» бөбекжай-бақшасы»МКҚК**

**Топ:** «Балбөбек» аралас тобы

**Балалардың жасы:**1 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі (айды, жылды көрсету)**: 2022-2023 оқу жылы

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| **Наурыз** | Дене шынықтыру | **Жалпы дамытушы жаттығулар:** ұсақ заттарды саусақтарымен іліп алу, заттарды бір-біріне беру<br>**Негізгі қимылдар.**<br>**Домалату, лақтыру.** Допты бір қолмен және екі қолмен ұстау, көлемдері әртүрлі доптар мен шарларды жинау, оларды өз бетінше себетке (жәшікке) салу<br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары:**Ұйқыдан кейін және күні бойы киініп-шешіну кезінде балаларды шынықтыруды жүзеге асыру. Ауа-райы жағдайын ескере отырып, күн сайын серуендер ұйымдастыру<br>**Гигиеналық талаптарды сақтау бойынша жұмысты жалғастыру.** Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен шешу және кию, оларды дұрыс бүктеу. |
| | Сөйлеуді дамыту | **Сөзді түсіну.** Таныс заттарды ересектердің көмегімен түсі бойынша таңдау.<br>**Белсенді сөйлеуді дамыту**<br>Ересектермен, құрдастарымен қарым-қатынаста алғашқы әдеп нормаларына сәйкес сөздерді қолдануды үйрету (амандасу, қоштасу, рахмет айту). |
| | Көркем әдебиет | Ересектің көмегімен тақпақтарды, қысқа өлеңдерді және әңгімелер мен ертегілердің мазмұнын қайталап айту, көркем шығарма мазмұны бойынша қойылымдарға қатысу. |
| | Сенсорика | Біртекті заттарды ортақ белгісі: пішіні, түсі бойынша топтастыру, саусақтардың ұсақ моторикасын дамыту үшін заттармен әрекет жасау, дидактикалық ойындар барысында және тұрмыста балалардың сенсомоторлық «көз бен қолды» үйлестіру. |
| | Қоршаған ортамен таныстыру | Мінез-құлық мәдениетінің дағдыларын қалыптастыру: амандасу, қоштасу, алғыс айту. Баланың құрдастарына деген мейірімді қарым-қатынасын үлгі ету. Жанашырлық пен елгезектік танытуға баулу. Құрдастары мен айналасындағы ересектердің көңіл-күйіне сәйкес жауап 16 беру (күлімсіреу |

| Айы | Ұйымдастырылған іс-әрекет | Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері |
|---|---|---|
| **Сәуір** | Дене шынықтыру | **Жалпы дамытушы жаттығулар:** алға еңкею және түзу тұру, таяныштан ұстап, жүрелеп отыру.<br>**Негізгі қимылдар.**<br>**Домалату, лақтыру.** Допты бір қолмен және екі қолмен ұстау, көлемдері әртүрлі доптар мен шарларды жинау, оларды өз бетінше себетке (жәшікке) салу, шарларды домалату, допты екі қолмен алға лақтыру, допты алға домалату (отырып, тұрып), допты (диаметрі 6–8 сантиметр) төменге, қашықтыққа лақтыру.<br>**Сауықтыру-шынықтыру шаралары:** Жауын-шашынды күндері балалармен жабық қысқы бақта қимылды ойындар ұйымдастыру. Жылдың жылы мезгілінде серуенде балалардың күн сәулесінің астында (3-5 минут) болуын қамтамасыз ету,<br>**Гигиеналық талаптарды сақтау бойынша жұмысты жалғастыру.** Түбекке сұрану, өз түбегінің орнын білу, тек өз түбегіне отыру. |
| | Сөйлеуді дамыту | **Сөзді түсіну.** Жануарлардың қимылын (лақ секіреді, құс ұшады), дыбыстауын (қозы маңырайды: мәәә, бұзау мөңірейді: мөөө, мысық мияулайды)<br>**Белсенді сөйлеуді дамыту**<br>Күнделікті өмірдегі, суреттегі заттардың атын атау, ересектер мен құрдастарынан көмек сұрау, өтініш білдіру, еліктеу бойынша жаңа сөздерді, екіүш сөзден тұратын сөйлемдерді айту, қарапайым сұрақтарға жауап беру. |
| | Көркем әдебиет | Таныс шығармалар мазмұнына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, драмалық ойындарға, қойылымдарға қатысуға баулу, ондағы игерген тәжірибелерін еркін ойындарда қолдануға мүмкіндік беру. Үстелүсті, саусақтеатрларынөзбетіншеойнау. |
| | Сенсорика | Естуді дамыту үшін әртүрлі дыбыс шығаратын заттардың (қоңыраулар, аспалы металл таяқшалар, шиқылдайтын ойыншықтар, музыкалық ойыншықтар) дыбысын тыңдау, қабылдауды дамыту үшін бір мезгілде екі қасиетті: түс пен өлшемді, пішін мен өлшемді, пішін мен түсті, негізгі төрт түсті |